

Алдын ала тергеу немесе сот талқылау кезінде кәмелетке толмаған сотталушыны есі дұрыстығы туралы мәселе туындаған жағдайларда сот үкім шығару кезінде бұл мәселені тағы да бір рет талқылауға міндетті.

Кәмелетке толмаған сотталушыны әрекет жасаған уақытта есі кіресілі-шығасылы күйде болған немесе қылмыс жасағаннан кейін оның өз әрекетінің (әрекетсіздігін) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғыну не оларды игеру мүмкіндігінен айыратын психикалық науқас пен ауырған деп таныған сот, қылмыстық істі тоқтатуға және егер қорғаушы іске айып тағылған сәттен бастап қатысса және іс құрамында үш судья бар сотта қаралса, кәмелетке толмаған сотталушыға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы қаулы шығаруға құқылы [5].

Кәмелетке толмағанға үкім шығару кезінде сот ҚР ҚДЖК-нің 371 бабында аталған мәселелермен бірге бас бостандығын айруға байланысы жоқ шартты соттау, жаза тағайындау туралы, сондай-ақ ҚР Қылмыстық кодексында көзделген жағдайларда жазадан босату туралы мәселені талқылауға міндетті.

Бас бостандығынан айыруға байланысы жоқ шартты соттау, жаза шараларын қолдану, кәмелетке толмағандарға арналған арнаулы тәрбие беру немесе емдеу тәрбие беру мекемесіне орналастыру, не тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдану жағдайларында сот бұл туралы мамандырылған мемлекеттік органға хабарлайды және оған сотталушының мінез құлқына бақылау жасауды жүзеге асыруды жүктейді.

1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы: Юрист, 2007. – 200 б.

2 Голубева Л.М. Судебное рассмотрение дел о преступлениях несовершеннолетних. Вопросы теории и практики. – Фрунзе: Илим, 1981. – 330 с.

3 Давыдов П.М. Приговор // Предварительное расследование и судебное разбирательство уголовных дел. – Свердловск, 1990. – С. 37.

4 Ткачев В. Восстановительное правосудие и ювенальное уголовное право // Российская юстиция. – 2002. – № 5. – С. 19-23.

5 Дудин Н.П., Луговцева С.А. Судебное разбирательство уголовных дел в отношении несовершеннолетних. – СПб., 2005. – 172 с.

In this article the author examines some problems associated with the peculiarities of the judicial decision in cases involving minors.

В данной статье автор рассматривает некоторые проблемы связанные с особенностями судебного приговора по делам о преступлениях несовершеннолетних.

Н.С. Темірболат

КРИМИНАЛИСТИКА ҒЫЛЫМЫНДА ҰҒЫМДЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Криминалистика ғылымында ұғымдық терминологияның қолдануы жөнінде айта кетсек. Құқықтық ұғымдардың нақты, анық түсініктемелері болмаса, терминдердің тұрақты, түсінікті анықтамасы болмайды, ал бұл өз кезегінде құқықтық норманы жүзеге асыруды және ұғымдарды дұрыс қолдануға мүмкін болмайды. Әр түрлі ұғымды әртүрлі түсініп, әртүрлі терминдермен белгілейміз. Бұл сотөндірісі барысында көптеген қиыншылықтарға әкеледі. Сонымен қатар, ғылым мен техниканың дамуы, прогресс жаңа ұғымдардың пайда болуына әкеліп, оларды қылмыстық процесте дұрыс әрі нақты қолдануын талап етеді.

Құқық нормаларын дұрыс және бір жақты, бір қалыпты қолдануда заң терминологиясының бірегілік принципі қажет. Заңшығарушы тарапынан және оны қолданатын субъектілер құқық нормаларын анық түрде оның түсініктемесін беріп сотөндірісінде пайдалану міндеті жүктелінген. Қылмыстық сотөндірісінде ұштасып жатқан қылмыстық құқық циклінің ғылым салалары бір-бірімен ұғымдық, терминологиялық жағынан тығыз байланысып жатыр [1, 29б.]. Қылмыстық құқық, қылмыстық процесс, криминалистика, қылмыстық атқарушы құқығы тарихи, генетикалық, бір мақсаттылық, қағидалылық жағынан бірлесіп жатқан ғылым салалары. Бұл байланыс көпдеңгейлі сипатта болып, сала аралық, институттар, ұғымдар, категориялар, терминдер деңгейінде жүзеге асырылады. Егер де әр ғылым саласы өзіндік ұғымдар мен терминологияны ойластырып өз тілінде пайдаланатын болса, мемлекеттік стратегиялық міндетті, яғни қылмыстылықпен күресті жүзеге асыра алмас еді.

Сала аралық құқықтардың заңдарында жалпы ортақ ұғымдық аппараты болуы қажет. Қылмыстық цикліндегі салалардың салааралық ұғымдардың қатарына «қылмыс, қылмыстың құрамы, жәбірленуші, қылмыстық жауапкершіліктен босату, жаза» сияқты және т.б. көптеген ұғымдар

қарастырылады. Бірақ қылмыстық құқық, қылмыстық процесс пен криминалистикада әр ұғымның өзіндік сипаттамасы мен түсінілуі бар. Қылмыстық құқық тарапынан жәбірленуші қылмыс құрамының бір элементі ретінде қарастырылса, қылмыстық процесте жәбірленушіні процессуалдық құқық пен міндеттердің иеленушісі ретінде, ал криминалистикада оның оның жеке басына байланысты тұлғасы зерттелінеді.

Әр ғылым саласының өзіне тән ұғымдақ аппараты қалыптасқан. Криминалистика ғылымының: криминалистикалық техника, криминалистикалық идентификация, трасология, қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы, жекелеген қылмыс түрлерін тергеу әдістемесі және т.б.

Бұл ғылым салаларының басты объектісі қылмыс болып табылатын құбылысты өз тарапынан, өз аспектісінен зерттейді. Бұл ғылым салалары кінә, ниет, мақсат, қылмыстың жасалу тәсілі, жаза, адам өлтіру, ұрлық, тонау, қарақшылық сияқты ұғымдарды қолданады. Бұл ұғымдарды логика-заңи құрал ретінде пайдаланып, өзінің ұғымдық аппаратына енгізеді.

Қылмыстық құқық өзінің ұғымдық жүйесімен қатар қылмыстық цикл жүйесінің ұғымдарын қолданады. Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімінде қылмыстық процеске тиісілі ұстау, шешім, үкім, куә, тілмаш сияқты ұғымдарды, сондай-ақ криминалистикамен өнделетін атыс қаруы, суық қару ұғымдарын қолдану негіздері бар. Криминалистика ғылымы қылмыстық құқық, процесс ғылымдарының өндеген ұғымдарын кеңінен қолданады, сондай-ақ керісінше. Бірақ бұл туынды сипатта болмай, шығу қайнар көзіне қарай, сипатына қарай объективті қоршаған ортаның объективті заңдылықтарымен байланысты болуы тиіс. Әр түрлі терминология мен ұғымдарды қолдану ғылыми талдау логикасына қарсы келіп қылмыстық құқықтық ғылым салаларының ұштасатын аясындағы мәселелерді шешуде қиындықтар туғызады [2, 110б.].

Криминалистика терминологиясының даму тенденциясына қатысты айта кететін болсақ:

1. Ұғымдар мен түсініктемелердің қолдану аясының кеңеюі. Бұл криминалистикалық білімнің дамуына қарай оның сандық және сапалық өзгерістерін көрсетеді. Біріншіден, криминалистиканың өзіндік анықтамаларының көбеюі, екіншіден өзге ғылым сала ұғымдарының криминалистикада бейімделіп қолданылуы.

Бұл бағыттағы ұғымдардың міндетті түрде танымдық функциясын ерекше атап көрсету қажет.

2. Анықтамалардың өзгеруі. Анықтамалардың өзге анықтамалармен алмастырып не қолданыстағы анықтамаларды нақтылау тенденциясы. Бұл бағыт таным процесінің әр уақытта даму барысында болғандықтан қажет әрі заңды деп табамыз. Объектінің пәндік мағынасының кеңеюі, дамуы немесе белгілі бір өзгерістерге ұшырауы, оның анықтамасының да сәйкес өзгеруін талап етеді. Ескі терминология объектілердің пәндік ұғымын толығымен аша алмайды, немесе оның қолдану аясын тұтастай қамти алмай шектейді, сондықтан жаңа анықтамалар ұғымның жаңа элементтерін, жаңа тұстарын қамтуы қажет. Криминалистикада анықтамалардың өзгеруіне байланысты криминалистиканың пәндік сипаттамасына қатысты әр түрлі көзқарастар болды. Бұл криминалистикалық тактика, тактикалық тәсіл, арнаулы білім және өзге де ұғымдарға байланысты.

3. Ұғымдар мен анықтамаларды жүйелеуді жүргізу бағыты. Криминалистика ғылымының анықтамаларын жалпы белгілері бойынша категорияларға жіктейміз. Бұл криминалистикалық классификацияның негізін көрсетеді [2, 130-131 бб.].

Криминалистика терминологиясының үйлесімділігі криминалистика терминологиясы ғылымның дамуына байланысты қарқынды түрде өзгерістерге ұшырауда. Өзге ғылым салаларының терминологиясы криминалистикада бейімделіп қолданып, орын алмастыруда. Математикалық статистика, логика, моделдеу, информатика және т.б. Қолданыстағы терминді жаңа терминмен алмастыру қажет, егер жаңа термин ұғымның жаңа анықтамасына немесе өзгерген мазмұнына сәйкес келсе ғана негізді болып табылады. «Тергеу тактикасы» терминін «криминалистикалық тактика» терминімен алмастыруды орынды деп табамыз. «Жекелеген қылмыс түрлерін тергеудің әдістемесін» «криминалистикалық қамтамасыз ету» терминімен алмастыру мәселесі де жиі кездеседі. Яғни тергеу барысында криминалистиканың теориялық, техникалық, тактикалық негіздерін қолдану.

Өзге ғылым саласының терминологиясын қолдануға қатысты «криминалистикалық физика» терминологиясын «криминалистикада физиканың зерттеу әдістерін қолдану» деп айқындау оның дәл анықтамасын, танымдық мәнін білдіреді деп есептейміз. Жаңа терминологияны енгізу кезінде жаппай бейімдеумен айналасуға болмайды. Ең алдымен нақты ол терминнің ұғым анықтамасын айқындайтынын белгілеп алып, алмастыруы қажет екендігі шешіледі. Содан кейін ғана қолданылуы керек. Моделдеуге қатысты іздердің гипс моделі демей-ақ іздің гипс кескіні деуге болар еді. Немесе психологиялық эксперимент термині де жауап алу мен эксперимент тергеу әрекеттерінің мазмұнын қамтиды. Тағы мысал келтіретін болсақ, «криминалистикалық ақпарат» терминін «криминалистикалық маңызы бар ақпарат» деп атаған дұрыс. Әдебиеттерде «қылмыстарды тергеу» терминологиясын «танымдық-іздігіру сипатындағы қызмет» деп көрсететін кездер кездесуде. Бұл

анықтама тергеушінің қызметінің тек бір бөлігін ғана көрсетіп, дәлелдеу процесін толық қамтамайды. Криминалистикалық қызмет деген де терминология кездесуде, қызмет түрлерінің қайсысына жататыны белгісіз, қызметті процессуалдық, ұйымдық, жедел-іздігірушілік, әкімшілік деп бөлуге болады. Қорытындылай кетсек, қазіргі таңда жаңа терминологиялардың қарқынды түрде жаппай енгізілуі мен оларды алмастыру процесі жүріп жатыр. Жаһандану жағдайында жаңа терминдерді енгізбес бұрын олардың мазмұны мен мәндік жағынан сәйкестігін анықтап, теориялық жағынан негізделгендігін айқындап, олардың тәжірибеде қолданыс табуын шешіп барып қана қолдануға болады деп табамыз.

- 1 Ларин А.М. Криминалистика и паракриминалистика: Научно-практическое и учебное пособие. – М.: 1996. – 168с.
- 2 Герасимов И.Г. Научное исследование. – М.: 1972. – 228 с.
- 3 Белкин Р.С. Курс криминалистики: В 3т. – М.: Юристъ, 1997. – Т 1.– 464 с.

С.Ш. Даубасова

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СОСТАВА ПРЕСТУПЛЕНИЯ ПО СТ. 209 УК РК «ЭКОНОМИЧЕСКАЯ КОНТРАБАНДА»

В настоящее время весь мир переживает влияние глобализации планетарного масштаба. Любое государство соприкасается с соседями в определенном пространстве, которое обозначено границами данного государства. Соответственно, в системе национальных интересов важное место занимает поддержание этих границ, выведение таможенной политики и борьбы с контрабандой на особый уровень. Экономическая контрабанда выражается в значительном ввозе либо вывозе товаров с нарушением установленных государством правил, которые ведут к разрушению основных институтов и систем общества и государства. На современном этапе развития Казахстана главными предметами контрабанды на путях международного сообщения являются:

- 1) вывоз энергоресурсов, стратегического сырья и материалов, цветных металлов и др.;
- 2) ввоз табачных изделий, автомобилей, офисной и бытовой техники, других товаров широкого потребления.

Активность экономической контрабандной деятельности зависит от внешних и внутренних факторов. К внешним факторам, представляющим угрозу экономической безопасности Республики Казахстан и способствующим контрабанде, относятся:

- преобладание сырьевых товаров в казахстанском экспорте;
- зависимость Казахстана от импорта многих видов продукции, в том числе стратегического значения, продовольственных товаров;
- недостаточный экспортный и валютный контроль и не замкнутость таможенной границы;
- неразвитость современной финансовой, организационной, транспортной и информационной инфраструктуры поддержки конкурентоспособности казахстанского экспорта и рационализации структуры импорта.

К внутренним факторам, представляющим угрозу экономической безопасности и способствующим контрабанде, относятся:

- унаследованная от прошлого структурная деформированность национальной экономики, ее низкая конкурентоспособность, вызванная отсталостью технологической базы большинства отраслей, высокой энерго- и ресурсоемкостью;
- вытеснение отечественных товаропроизводителей, особенно потребительских товаров, с внутреннего рынка зарубежными фирмами;
- высокий уровень отраслевого лоббизма при принятии управленческих решений;
- несовершенство правового законодательства, монопольное положение и недобросовестность действий многих экономических субъектов на рынках Казахстана, их низкая правовая, финансовая и договорная дисциплина;
- криминализация экономики и коррупция в области управления экономикой, сокрытие доходов и уклонение от уплаты налогов, незаконный перевод финансовых средств за границу.

В Казахстане экономическая контрабанда имеет ряд особенностей.

1) *географическая*: Республика Казахстан занимает огромное географическое пространство, является девятым государством по территории в мире, и объективно не может находиться вне различных мировых процессов. Казахстан граничит с Россией, Китаем, Кыргызстаном, Туркменией и Узбекистаном. Общая протяженность границы – 12 тыс. 187 км. На сегодняшний день специалисты казахстанской таможенной службы осуществляют контроль на 18 автомобильных, 5